

"Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы Келісімді бекіту туралы"

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 24 желтоқсандағы N 57

1996 жылғы 26 сәуірде Шанхайда қол қойылған Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы Келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей
Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық
Республикасы арасындағы шекара ауданда әскери саладағы
сенімді нығайту туралы
Келісім

Бұдан былай Тараптар деп аталатын Бірлескен Тарапты құраушы Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы,

тату-тәтті көршілестік және достық ұзақ уақыттық қатынастарды қолдау мен дамыту бес мемлекет пен олардың халықтарының түпкілікті мүдделеріне қызмет ететінін ескере отырып,

бір жағынан Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, екінші жағынан, Қытай арасындағы шекара аудандағы (бұдан былай - шекара ауданы деп аталатын) қауіпсіздікті нығайту, тыныштық пен тұрақтылықты сақтау азия-тынық мұхит аймағында бейбітшілікті қолдауда қосылған маңызды үлес екеніне нық сенімді бола отырып,

өзара күш қолданбай немесе күшпен қоқан-лоққы көрсетпеу бір жақты әскери басымдық алудан бас тартуды дәлелдей отырып,

1990 жылғы 24 сәуірдегі Кеңес Социалистік Республикалар Одағының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы өзара қарулы күштерді қысқартудың және кеңес-қытай шекара ауданда әскери саладағы сенімді нығайтудың басқарушы қағидаттары туралы Келісімді басшылыққа ала отырып,
өзара қарулы күштерді қысқарту және шекара ауданда әскери саладағы сенімді нығайту туралы келіссөздерде Тараптар қол жеткізген нәтижелерге сәйкес;
әскери салада сенімді нығайтуға және транспаренттілік деңгейін көтеруге ұмтыла
о т ы р ы п ,

төмендегілер жөнінде келісті:

1 - б а п

Тараптар қарулы күштерінің құрамдас бөлігі ретінде шекара ауданда орналасқан Тараптардың қарулы күштері екінші Тарапқа шабуыл жасау үшін пайдаланылмайды, екінші Тарапқа қауіп төндіретін және шекара ауданда тыныштық пен тұрақтылықты бұзатын қандай да бір әскери іс-қимыл жүргізбейді.

2 - б а п

1. Тату-тәтті көршілестік пен достық қатынастарды дамыту, шекара ауданда ұзақ мерзімді тұрақтылық жағдайды сақтау, шекара ауданда әскери саладағы өзара сенімді нығайту мақсатында Тараптар төмендегі шараларды қабылдайды:

1.1. қарулы күштер мен шекара әскерінің (шекаралық бөлімдердің) келісілген құрамдас бөліктері туралы ақпараттармен алмасады;

1.2. екінші Тарапқа қарсы бағытталған әскери жаттығулар жүргізбейді;

1.3. әскери жаттығулардың аумақтарын, географиялық шегін және санын шектейді;

1.4. төтенше ахуалға байланысты ірі ауқымды әскери іс-қимылдар мен әскерлердің орнын ауыстырулары туралы мәлімдейді;

1.5. бір жағынан, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және екінші жағынан, Қытай арасындағы шекара сызығының (бұдан былай "шекара сызығы" деп аталатын) екі жағынан да 100 километрлік географиялық аймаққа әскер мен қару-жарақты уақытша енгізу туралы мәлімдейді;

1.6. әскери жаттығуларға бақылаушыларды өзара шақырады;

1.7. ресей-қытай шекарасы Шығыс бөлімі сызығының екі жағынан да 100 километрлік географиялық аймаққа әскери-теңіз флоты әскери-теңіз күштері ұрыс өзен кемелерінің уақытша кіруі туралы мәлімдейді;

1.8. қауіпті әскери іс-қимылдарды болдырмау шараларын қабылдайды;

1.9. түсініксіз ахуалдар жөнінде сұрастырады;

1.10. шекара ауданда қарулы күштер мен шекара әскері (шекара бөлімдері) әскери

қызметшілерінің арасындағы достық байланыстарды нығайтады және Тараптар келіскен сенімнің басқа шараларын жүзеге асырады.

2. Жоғарыда аталған шаралардың қолданылуы осы Келісімнің тиісті баптарында
н а қ т ы а н ы қ т а л ғ а н .

3 - б а п .

1. Тараптар шекара сызығының екі жағынан да 100 километрлік географиялық аймақта орналасқан жаяу әскердің, әскери-әуе күштерінің, әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскери авиациясының, шекара әскерінің жеке құрамының санына және қару-жарақтың негізгі түрлері мен әскери техника санына қатысты ақпаратпен
а л м а с а д ы .

Тараптар жоғарыда аталған ақпаратпен осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Ақпарат алмасудың негізгі санатына (қосымшаға сай) сәйкес алмасады.

2. Ақпарат төмендегі сипатта берілетін болады:

2.1. - осы Келісім күшіне енген күннен соң 60 күн өткеннен кейін - Келісім күшіне енген күнге дейінгі жағдай бойынша ақпарат;

2.2. - әрбір жылдың 15 желтоқсанына дейін - келесі жылдың 1 қаңтарына дейінгі
ж а ғ д а й б о й ы н ш а а қ п а р а т .

3. Тараптардың осы Келісім ережелеріне сәйкес алмасатын және осы Келісімді орындау барысында алатын ақпарат құпия болып табылады. Тараптардың ешқайсысы бұған екінші Тараптың келісімінсіз бұл ақпаратты жарияламайды, баспайды және үшінші Тарапқа бермейді. Осы Келісім қолданысы тоқтаған жағдайда Тараптар осы баптың бұл тармағының ережелерін орындауды жалғастырады.

4 - б а п

1. Тараптар екінші Тарапқа қарсы бағытталған әскери жаттығуларды жүргізбейді.

2. Тараптар шекара сызығының екі жағынан да 100 километрлік географиялық аймақта: ресей-қытай шекарасының шығыс бөлігінде 40 мыңнан астам адам, ресей-қытай шекарасының Батыс бөлігінде және Қазақстанның, Қырғызстанның және Тәжікстанның Қытаймен шекарасында бірлесе немесе жекелей 4 мыңнан астам адам немесе 50 әскери танк қатыса өткізілетін әскери жаттығуларды жүргізбейді.

3. Тараптар ресей-қытай шекарасы Шығыс бөлігі сызығының екі жағынан да 100 километрлік географиялық аймақта 25 мыңнан астам адам қатысатын әскери жаттығуды жылына 1 рет қана жүргізеді.

4. Шекара сызығының екі жағынан да 15 километрлік аймақ шеңберінде Тараптар бір ғана полк ұрыс атыстарына қатысатын әскери жаттығуларды жүргізе алады.

5. Шекара сызығының екі жағынан да 10 километрлік аймақ шеңберінде Тараптар

шекара әскерінен (шекара бөлімдерінен) басқа жаңа әскери бөлімдерді орналастырмайды.

5 - б а п

1. Тараптар шекара сызығының екі жағынан да 100 километрлік географиялық аймақтағы әскери іс-қимыл туралы мына төмендегідей жағдайларда, егерде:

1.1. - 25 мыңнан астам адам қатысатын әскери жаттығулар жүргізілсе;

1.2. - шекара сызығының екі жағынан да 100 километрлік географиялық аймақтың шегінен тыс орналасқан, әскер 9 мың және одан да көп адам немесе 250 және одан да көп әскери танктер уақытша осы аймаққа енгізілетін болса;

1.3. - шекара сызығының екі жағынан да 10 километрлік географиялық аймаққа жапастан шақырылатын жеке құрамның саны 9 мыңға жететін болса немесе одан да көп болса

мәлімдейді.

2. Тараптар шекара сызығының екі жағынан да 100 километрлік географиялық аймақта және осы аймақ шегінен тыс кез келген уақытта 9 мың және одан да көп адам немесе 250 және одан да көп әскери танктер қатысумен өткізілетін әскери жаттығулар туралы бір-біріне ерікті негізде мәлімдейді.

3. Жоғарыда аталған әскери іс-қимыл туралы мәлімдемелер жазбаша түрде дипломатиялық арналар арқылы ол басталғанға дейін 10 күн бұрын беріледі. Мәлімдемеде қатысатын жеке құрамның жалпы саны, полк дәрежесіндегі және одан да көп әскери құрылымдардың саны, әскери танктер, броняланған ұрыс машиналар, 122 мм және одан да үлкен калибрлі артиллериялық жүйелер, ұрыс ұшақтар, ұрыс тікұшақтар, тактикалық ракеталардың ұшыру қондырғылар саны, сондай-ақ әскери іс-қимылдың мақсаты, мерзімі, ауданы және басқару дәрежесі туралы мәліметтер болады.

4. Егер бір Тарап әскери іс-қимыл салдарынан екінші Тарапқа зиян келтіруі мүмкін болса немесе, егерде төтенше жағдай пайда болғанда 9 мың және одан да көп адамнан тұратын әскердің орнын өзгерту немесе екінші Тараптың жәрдемі қажет болса, онда ол бұл туралы екінші Тарапқа уақытылы мәлімдейді.

6 - б а п

1. Шекара сызығының 100 километрлік географиялық аймақта әскери жаттығу өткізуші Тарап, егерде қатысушы әскер саны 35 мыңға жетсе немесе одан көп болса, екінші Тараптың бақылаушыларын шақырады.

2. Шекара сызығының екі жағынан да 100 километрлік географиялық аймақта әскери жаттығулар өткізуші Тараптар, егерде қатысушы әскери саны 25 мыңға жетсе немесе одан да көп болса, өзара екінші Тараптың бақылаушыларын шақырады.

3. Шекара сызығының екі жағынан да 100 километрлік географиялық аймақта және осы аймақтың шегінен тыс әскери жаттығулар өткізуші Тараптар, егерде қатысушы әскер саны 13 мыңға жетсе немесе одан да көп болса немесе 300 және одан да көп әскери танк қатысатын болса, ерікті негізде екінші Тараптың бақылаушыларын ш а қ ы р а д ы .

4. Осындай жаттығулардың басталуына 30 күн қалғанда шақырушы Тарап екінші Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы жазбаша түрде мыналарды:

4.1. жаттығулардың басталуы мен ұзақтығын және бақылау бағдарламасының ж о с п а р л ы ұ з а қ т ы ғ ы н ;

4.2. бақылаушылардың келу және кету күні, уақыты және пунктін;

4.3. көліктік және тұрмыс жағдайларын хабарлап шақыру жолдайды.

Шақырылушы Тарап бақылаушылардың көрсетілген келу күнінен 10 күн бұрын шақыруға жауап береді. Егерде жауап шақырылушы Тараптан уақытылы келіп түспесе, онда бұл бақылаушылар жіберілмейді дегенді білдіреді.

5. Шақырылушы Тарап бақыланатын әскери жаттығуларға саны 6-дан аспайтын б а қ ы л а у ш ы л а р жі б е р е а л а д ы .

6. Шақырылушы Тарап өзінің бақылаушыларының көрсетілген келу және кету пунктiне дейiнгi және керi қайту бойынша жол шығынын өзі өтейді. Қабылдаушы Тарап бақылаушылардың өз аумағында болуына байланысты тиісті шығындарды к ө т е р е д і .

7. Шақырушы Тарап бақылаушыларға бақылау бағдарламасын, тиісті материалдарды береді және басқа жәрдем көрсетеді.

8. Бақылаушылар қабылдаушы Тараптың бақылаудың орны, маршруты және шегіне қатысты тиісті ережелерін орындауға міндетті.

7 - б а п

1. Тараптар әскери-теңіз флоты/әскери-теңіз күштерінің ұрыс өзен кемелері (әскери іс-қимылды жүргізуге арналған және ұрыс қарулану жүйесімен қаруланған кеме, катер) шекара сызығының екі жағынан да 100 километрлік географиялық аймаққа уақытша т ө м е н д е г і м а қ с а т т а р д а :

1.1. зілзала салдарын жою үшін;

1.2. шекара сызығының екі жағынан да 100 километрлік географиялық аймақ арқылы зиян келтірмей өту үшін кіре алады.

2. Ресей әскери-теңіз флотының ұрыс өзен кемелері ресей-қытай шекара сызығының Шығыс бөлігіндегі 100 километрлік географиялық аймаққа төмендегі:

2.1. Хабаровск қаласының және Благовещенск қаласының кеме жөндеу заводтарында немесе басқа кеме жөндеу заводтарында жөндеу, жетілдіру, қару-жарақты алып тастау, бөлшектерге бөлу және азаматтық бағытта қайта жарақтау;

2.2. Хабаровск қаласы мен Благовещенск қаласының ұлттық мерекелік шараларына қатысу мақсатында уақытша кіре алады.

3. Шекара сызығының екі жағынан 100 километрлік географиялық аймаққа жоғарыда көрсетілмеген мақсаттарда әскери-теңіз флоты/әскери-теңіз күштері ұрыс өзен кемелерінің уақытша кіруі Тараптардың алдын ала келісуінен кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Шекара сызығының екі жағынан да 100 километрлік географиялық аймақта Тараптардың әрқайсысының әскери-теңіз флот/әскери-теңіз күштерінің ұрыс өзен кемелерінің бір уақытта тұратын жалпы саны 4 бірліктен көп болмауы керек.

5. Осы баптың 1 және 2-тармақтарын есепке ала отырып, осы Келісім күшіне енгеннен кейін алты айдан кейін Тараптар 7 тәулік ішінде дипломатиялық арналар бойынша немесе шекаралық өкілдердің жүйесі арқылы шекара сызығының екі жағынан да 100 километрлік географиялық аймаққа әскери-теңіз флоты/әскери-теңіз күштері ұрыс өзен кемелерінің уақытша кіруі туралы жазбаша түрде өзара мәлімдеулері керек. Төтенше жағдайларда әскери-теңіз флоты/әскери-теңіз күштері ұрыс өзен кемелерінің аталған аймаққа уақытша кіруі екінші Тарапты алдын ала мәлімдеуден кейін жүзеге асырылуы керек.

6. Мәлімдемеде:

6.1. - уақытша кіру мақсаты;

6.2. - әскери-теңіз флоты/әскери-теңіз күштері ұрыс өзен кемелерінің типі, бүйір нөмірлері және саны;

6.3. - кірудің басталу және аяқталу күндері;

6.4. - уақытша болу орны (географиялық аты мен географиялық координатасы) туралы мәліметтер мазмұндалуы керек.

8 - б а п

1. Тараптар шекара ауданда қауіпті әскери іс-қимылды және оның салдарын болдырмауға бағытталған төмендегі шараларды қабылдайды:

1.1. - Тараптар қарулы күштерінің жеке құрамы шекара ауданда әскери іс-қимылды жүргізу кезінде сақтық білдіруі тиіс;

1.2. - әскердің орын ауыстыруы, жаттығулар, ұрыс атыстары, кемелердің жүзуі және ұшақтардың ұшуы кезінде Тараптар бұл іс-қимылдардың қауіпті әскери қимылдарға ұласуын болдырмауға ұмтылады;

1.3. - Тараптардың біреуінің лазерді қолдануына байланысты оның сәуле шашуынан екінші Тараптың персоналы мен техникасы зиян шекпеуі тиіс;

1.4. - Тараптардың біреуі өзінің басқару торабына радиокедергілерді пайдалануы екінші Тараптың персоналы мен техникасының зиян шегуіне келтірмеуі тиіс;

1.5. - ұрыс атыстарымен жаттығуларды жүргізу кезінде екінші Тарап аумағына

оқтар, снарядтар, ракеталардың кездейсоқ түсуін болдырмау және оның персоналы мен техникасына зиян келтірмеу шаралары қабылданады.

2. Қауіпті әскери іс-қимылдардан болған қақтығыстар пайда болған жағдайда, Тараптар бұндай іс-қимылды тоқтату, ахуалды анықтау және зиянның орнын толтыру бойынша шаралар қабылдауға тиіс. Мемлекеттің біреуінің қауіпті әскери іс-қимылы нәтижесінде пайда болған зиянның орын толтыруды бұл мемлекет жалпыға танымал қағидаттар мен халықаралық құқық нормаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тараптар пайда болған мәселелерді консультация жолымен шешеді.

3. Тараптар әскери сипаттағы қауіпті қақтығыстар туралы (инцидент) хабарлаудың барлық мүмкін әдістерін пайдаланады.

9 - б а п

1. Шекара ауданында түсініксіз ахуал пайда болған жағдайда немесе екінші Тараптың Келісімді орындалуына қатысты бір Тараптың сұрақтары мен күмәндарына байланысты әрбір Тарап екінші Тарапқа сұратулармен шығу құқығына ие.

2. Пайда болатын сұрақтар мен күмәндарды шешу үшін:

2.1. - сұратылушы Тарап 7 тәулік ішінде (шұғыл жағдайда 2 тәулік ішінде) екінші Тараптан келіп түскен тиісті сұратуға жауап беруге міндетті;

2.2. - екінші Тараптың жауабын алғаннан кейін сұратушы Тарапта бұрынғыша сұрақтар мен күмәндар қалатын болса, оның екінші Тараптан тағы да қосымша түсініктер сұрауына немесе бұл мәселені талқылау үшін кездесу өткізуге ұсыныс жасауына болады. Кездесу орны Тараптардың келісуі бойынша анықталады.

3. Түсініксіз жағдайға байланысты екінші Тарапта пайда болатын сұрақтар мен күмәндарды болдырмау және шешу үшін сұратылушы Тарап өзінің қалауы бойынша екінші Тарапы оған қатысты сұрақтар мен күмәндар пайда болған ауданға шақыра алады.

Шақырылушы өкілдердің санын қоса есептегенде бұндай аудандарда болуды жүргізу шарттарын шақырушы Тарап анықтайды. Өз аумағында бұл аудандарда болуларды жүргізу бойынша шығындарды шақырушы Тарап көтереді.

4. Жоғарыда көрсетілген сұратулар мен оларға жауаптылар дипломатиялық арналар бойынша беріледі.

10-бап

1. Тараптар шекаралас әскери округтерде қарулы күштер арасындағы ынтымақтастықтың төмендегі нысандарын:

- 1.1. - әскери басшылардың өзара ресми визиттерін;
- 1.2. - әскери делегациялар мен әртүрлі деңгейдегі мамандар топтарының өзара танысу сапарларын;
- 1.3. - бақылаушыларды, ерікті негізде әскерлердің және басшылық-штабтың жаттығуларға өзара шақыруларын;

1.4. - әскери құрылыс, ұрыс дайындығы, сондай-ақ әскер өмірі мен қызметі туралы материалдар және ақпараттармен алмасуды;

1.5. - құрылыста, әскерді азық-түлікпен және киім-кешекпен қамтамасыз ету және басқа салаларда тыл органдарының ынтымақтастығын;

1.6. - ерікті негізде ұлттық мерекелерге, мәдени шараларға және спорт жарыстарға қатысу үшін өзара шақыруларды;

1.7. - Тараптардың келісуі бойынша ынтымақтастықтың басқа нысандарын жүзеге асырады және дамытады.

2. Ынтымақтастықтың нақты жоспарларын Тараптар қарлы күштерінің сыртқы байланыстар органдары келіседі.

11-бап

1. Тараптардың шекара әскері (шекара бөлімдері) ынтымақтастықты төмендегі бағыттар бойынша дамытады:

1.1. - барлық деңгейдегі шекара бөлімдері арасындағы байланыстарды орнату және дамыту, шекаралық ынтымақтастық мәселелерін талқылау және шекаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесетін ақпараттармен алмасу;

1.2. - мемлекеттік шекарада құқыққа қарсы іс-қимылды болдырмау, тыныштық пен тұрақтылықты қолдау бойынша консультациялар жүргізу және келісілген шараларды жүзеге асыру;

1.3. - мемлекеттік шекарада болуы мүмкін қақтығыстар мен шиеленісті ахуалды болдырмау;

1.4. - екінші Тарапқа зиян келтіруі мүмкін зілзала, эпидемия, эпизоотий және т.б. жағдайда уақтылы мәлімдеу және көмек көрсету;

1.5. - мемлекеттік шекараны қорғау және шекара әскерін (шекара бөлімдерін) дайындау тәжірибесімен алмасу;

1.6. - делегациялармен алмасу, мәдени, спорт алмасулары мен достық

байланыстардың басқа түрлерін дамыту.

2. Шекаралық әскер (шекаралық бөлімдер) арасындағы ынтымақтастық бойынша нақты шаралар Тараптардың шекаралық ведомстволарымен келісіледі.

1 2 - б а п

Тараптардың шекара әскері (шекара бөлімдері) шекараны

бұзушыларға адамгершілікке жатпайтын және дөрекі нысандағы шараларды қолданбайды. Тараптар шекара персоналының қару қолдануы Тараптардың ішкі заңдарымен және Қазақстанның, Қырғызстанның, Ресейдің, Тәжікстанның Қытаймен тиісті келісімдерімен анықталады.

13-бап

Тараптардың келісуі бойынша осы Келісімнің орындалу барысын талқылау үшін сарапшылар кеңестері өткізіледі. Кеңесті өткізу орны кезекпен осы Келісімге қатысушы Тараптар мемлекеттерінің астаналары болады.

14-бап

Осы Келісім Тараптың басқа мемлекеттерге қатысты бұрын қабылданған міндеттеріне әсерін тигізбейді және үшінші елдер мен олардың мүдделеріне қарсы б а ғ ы т т а л м а ғ а н .

1 5 - б а п

1. Осы Келісім шектеусіз мерзімге жасалды және Тараптардың келісуі бойынша өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

2. Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің қолданысын тоқтату құқығына ие. Осы Келісімнің қолданысын тоқтатуға ниетті Тарап өзінің шешімі туралы екінші Тарапты жазбаша түрде алты ай бұрын хабарландырады. Осы Келісім мұндай мәліметтен кейін алты айдан соң күшін жояды.

3. Бірлескен Тараптың әрбір мемлекетінің осы Келісімнен шығуға құқы бар. Осы

Келісімнен шығу ниеті бар. Бірлескен Тараптың Мемлекеті алты ай бұрын өзінің шешімі туралы жазбаша түрде екінші Тарапқа мәлімдейді.

4. Осы Келісім Бірлескен Тараптың ең болмағанда Келісімнен

шықпаған бір мемлекеті мен Қытай Тарабы оның Тараптары болып қалғанға дейін күшінде қалады.

16-бап

Тараптар Бірлескен Тараптың барлық мемлекеттерін қоса алғанда осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік процедураларды орындағаны туралы өзара бір-бірін хабарландырады.

Осы Келісім жазбаша мәліметтің ең соңғысының алынуы күнінен бастап күшіне енеді.

1996 жылы 26 сәуірде Шанхай қаласында бес данада, әрқайсысы орыс және қытай тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық орыс және қытай тілдеріндегі мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы үшін Қытай Халық Республикасы үшін
Қырғыз Республикасын үшін
Ресей Федерациясы үшін
Тәжікстан Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы,
Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы және
Қытай Халық Республикасы арасындағы шекара
ауданда әскери саладағы сенімді нығайту туралы

Келісімге
Қосымша

Ақпаратпен алмасудың негізгі санаттары

1. Тараптар әрбір Тараптың оның өтуі туралы пікіріне сәйкес шекара сызығының екі жағынан перпендикуляр бойынша бойлай 100 километрлік географиялық аймақта орналасқан жеке құрамның штаттық саны, жаяу әскердің, әскери әуе-күштерінің, әуе шабуылына қарсы әскер авиациясының, шекара әскерінің (шекара бөлімдерінің) қару-жарағы мен әскери техникасының саны туралы ақпаратпен алмасады. Ақпаратпен

алмасу осы Қосымшаның 1-Кестесі және 2-Кестесінде келтірілген нысандар бойынша
ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

2. Ақпарат алмасу санаттары болып:

2.1. - "жеке құрам" жаяу әскерде, әскери әуе күштерінде, әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскері авиациясының және шекара әскерінде (шекара бөлімдерінде) қызмет атқарушы, іс жүзінде әскери қызметтегі жеке құрамды білдіреді;

2.2. - "шекара әскері (шекара бөлімдері)" шекара арқылы өткізу пунктінде шекаралық бақылауды жүзеге асырушы бөлімдер мен бөлімшелерді есептемегенде, мемлекеттік шекараны қорғау жөнінде міндеттерді орындаушы бөлімдер мен б ө л і м ш е л е р д і б і л д і р е д і ;

2.3. - "ұрыс танкі" ойлы-қырлы жерлерде жоғары жүру қабілеті бар және бронялы қорғаны бар, 75 мм-ден кем емес калибрлі пушкамен қаруланған, 360 градусқа бұрылу бұрышы бар, броняланған және басқа нысаналарды бұзуға қабілетті өзі жүретін броняланған ұрыс машинасын білдіреді;

2.4. - "броняланған ұрыс машинасы" жоғары жүру қабілетіне және бронялық қорғанға ие, шапшаң ұрыс қимылдарын жүргізуші атқыштар бөлімшесін тасымалдауға арналған шынжыр табанды және дөңгелекті ұрыс машинасын білдіреді. Броняланған ұрыс машинасына бронетранспортерлар мен жаяу әскердің ұрыс машиналары жатады;

2.5. - "артиллериялық жүйелер" - 122 мм және одан үлкен калибрлі тіркелетін және өзі жүретін артиллериялық қаруды білдіреді. 122 мм және одан да үлкен калибрлі артиллериялық жүйелерге пушкілер, гаубицалар, пушкілер мен гаубицалар мүмкіндіктері біріктірілген зеңбіректер, мина атқылаушылар мен дүркіндете атудың р е а к т и в т і к ж ү й е л е р і ж а т а д ы ;

2.6. - "тактикалық ракеталардың ұшыру қондырғылары" - 500 км қашықтыққа дейінгі ракеталарды ұстауға, ұшыруға дайындауға және ұшыруға арналған құрылғыны б і л д і р е д і ;

2.7. - "ұрыс ұшағы" - оперативті тактикалық тереңдікті нысаналарды жоюда қолданылатын, басқарылатын және басқарылмайтын ракеталармен, бомбалармен, пулеметтермен, авиациялық пушкімен және басқа қарумен жарақталған ұшақты білдіреді. "Ұрыс ұшағына" үйретудің бастапқы кезінде пайдаланылатын оқу-жаттығу ұ ш а қ т а р ы ж а т п а й д ы ;

2.8. - "әуе барлауының және РЭК ұшағы" - әуе барлауын жүргізу және радиоэлектрондық күрес үшін арналған, арнайы құрастырылған (қайта жабдықталған) және аппаратурамен жабдықталған ұшақты білдіреді;

2.9. - "ұрыс тікұшағы" жер үсті және әуе нысаналарын жоюға арналған, қаруланған айналмалы қанатты ұшу аппаратын білдіреді. "Ұрыс тікұшағына" соққы беру тікұшақтары мен ұрысты қамтамасыз ету тікұшақтары жатады:

а) "соққы беру тікұшағы" танкіге қарсы "әуе-жер" немесе

"жер-әуе" кластағы басқарылатын ракеталарды қолдануға жабдықталған және ату мен қаруды нысаналауды басқару бойынша кешенді жүйемен жабдықталған тікұшақты білдіреді;

б) "ұрысты қамтамасыз ету тікұшағы" пулеметпен, пушкімен, басқарылмайтын ракеталармен, бомбалармен немесе бомбалық кассеталармен қаруланған және нысаналарды жою және басу сияқты ұрыс тапсырмаларын орындай алатын тікұшақты білдіреді.

1-Кесте

Жеке құрамның штаттық саны туралы
ақпаратпен алмасу

Қарулы күштердің (әскер түрі) түрі	Жеке құрамның штаттық саны (мың адам.)		
	жалпы	Шығыс	Батыс
	учаскеде	учаскеде	
Жаяу әскер			
Әскери-әуе күштері			
Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерінің авиациясы			
Барлығы:			
Шекара әскері (шекара бөлімдер)			

2-Кесте

Қару-жарақ пен әскери техника саны
туралы ақпаратпен алмасу

Қару-жарақ пен әскери техника | Қару-жарақ пен әскери
санаттары (типтері) | техника саны (бірлік)

	жалпы	Шығыс	Батыс
	учаскеде	учаскеде	
Ұрыс танктері			
Бронялы ұрыс машиналары			
122 мм және одан да үлкен калибрлі артиллериялық жүйелер			
Тактикалық ракеталардың ұшырғы қондырғылары			
Ұрыс ұшақтары			
Әуе барлауы және РЭК ұшақтары			
Ұрыс тікұшақтары			
Шекара әскерінің (шекара бөлімдерінің) бронялы ұрыс машиналары			
Шекара әскерінің (шекара бөлімдерінің) ұрыс тікұшақтары			